

## 14 дәріс. Шет ел валюталарының құқықтық жағдайы

Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) – бұл елдер арасындағы сауда қатынастарын халықаралық ережелер көмегімен реттейтін халықаралық ұйым. Осы ережелердің негізгі мақсаты елдерді ашық және либералды сауда саясатын жүргізуге қолдау болып табылады.

ДСҰ 1948 жылдан бері халықаралық саудадағы негізгі принциптер мен ережелерді анықтайтын Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің негізінде (ГАТТ) құрылған. Бұдан басқа ол саудадағы және оны либерализациялаудағы өзара кедергілерді жою мақсатында көпжақты саудалық келіссөздер раундтарын мезгіл-мезгіл жүргізуге арналған болып қызмет еткен.

Қазіргі кезде ДСҰ шеңберінде қолданылып отырған дауларды шешу тетігі — халықаралық сауда жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Ұйымның өз бағасы бойынша, ол әлемдік экономикада тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосатын үлесі зор. Тарифтер мен сауда бойынша Бас келісім Уругвай раундының нәтижесінде құрылған бұл ұйым мүше-мемлекеттерінің саяси ықпалы мен экономикалық қуаттылығына қарамастан барлық қатысушылар үшін бірегей ережелерге негізделеді. Мұндай тәсіл кішігірім елдер үшін айтарлықтай қуатты мемлекетпен туындаған дауды екіжақты негізде шешу кезінде тиімдірек жағдайды иеленуіне жол ашуы едәуір маңыздылыққа ие. ДСҰ құрылу кезінен бері мемлекеттер бұл тетікке жиі жүгінеді. 2000 жылға дейін кеңесу өткізуге 180 үндеу, істерді қарау нәтижелері бойынша аралық соттардың 31 есебі, Апелляциялық органның 26 баяндамасы тіркелген болатын. 2007 жылдың қыркүйегінің аяғында ДСҰ-да 369 дау тіркеліп, 2007 жылдың шілдесінде аралық сот пен Апелляциялық органның 103 баяндамасы қабылданып, 25 аралық сот әрекет етіп, кеңесу өткізу жөнінде сұранымдар 600-ден асып кеткен болатын.

ДСҰ өмір сүруінің бүкіл мерзімінде АҚШ, Канада және Еуропалық Одақ ең белсенді қатысушылар болып есептеледі. Дегенмен, дамушы мемлекеттер де бұл механизмге жиі сүйенетін болған.

Дүниежүзілік сауда ұйымының іргесін қалаушы болған 1947 ж. ГАТТ кезінде, осы келісімнің XXIII бабында сауда дауларын шешу мүмкіндігінің негізі қаланған. Ол бойынша, келісуші тараптардың біреуінің жүзеге асырып жатқан іс-шаралары келесісінің нарыққа ену жағдайының нашарлануына әсерін тигізуіне байланысты дауларды өз бетінше шеше алатындығы туралы айтылған. Сонымен қатар, тараптар өз шағымдарын жұмысшы топтарға (кейіннен аралық топтарға) жібере алған. Олар даулар қалайша шешілуі керектігі жайында ұсыныстар беріп отырды. Ақырында бұл қатысушылар мен аралық топтардың өздері сүйене отырып әрекет етуге міндеттейтін ережелер мен рәсімдердің құрылуына, яғни дауларды шешудің нақты үрдісінің қалыптасуына алып келді. Аралық топтар тараптар өз міндеттемелеріне сәйкес әрекет етуін, нарыққа ену жағдайының нашарлауы орын алған, алмағандығын анықтауы тиіс болды. XX ғасырдың 70-80 жылдары барысында ГАТТ жүйесінде айтарлықтай алға баса бастады.

Аралық топтар құзыреттері кеңейіп, олар енді ГАТТ ережелерін интерпретациялауға (түсіндіру) қатыса бастады. Жаңа қағидалар Токио Раундының (1973-1979 жж.) Уағдаластығында бекітілді.

Айта кетерлік жайт, Қазақстан салыстырмалы түрде қысқа мерзімде әлемдік қауымдастықта орнқты орын ала білді. Қазақстанның ДСҰ-на мүше болуы әлемдік қауымдастық пен әлемдік шаруашылық байланыстарында елдің маңызды ықпалдастық сатысы болып табылады. Президент Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдуында атап көрсеткендей : «...еліміздің халықаралық экономикалық ұйымға кіруі халықаралық нарықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін бекітуге үлкен мүмкіндіктер ашады. Бұл мүмкіндіктерді ұтымды әрі тиімді пайдалана білуіміз керек».

Қазіргі нарықтық жағдайда әлемдік экономикада халықаралық қаржылық ұйымдар маңызды рөл ойнайды. Олардың қызметтері негізінен әлемшаруашылық байланыстарды нығайтуға және валюта несие қатынастарына қатысушы мемлекеттерді белсендіруге бағытталған. Халықаралық қаржы ұйымы халықаралық қаржы жүйесінің ең маңызды элементі немесе кілті деп айтуға болады. Қомақты қаржы ресурстарын ұстай отырып, олар көптеген мемлекеттері мен әлем аймақтарының экономикалық дамуына көзге көрінерлік әсер береді. Қазіргі кезде барлық дерлік мемлекеттер халықаралық экономикалық және валюта қаржылық ұйымдармен байланыс орнатуға қызығушылық білдіруде. Кейбір елдер бұл ұйымдарды өзінің стратегиясын жүзеге асыру делдалдары ретінде, басқалары оларға өздерін донор ретінде қатыстыру үшін, ал үшіншілері — реципиенттер – инвестициялық жобалар және бюджеттік қаржыландырудағы дефицит мәселелерінің шешімін табу мақсатында несиелерді тарту үшін пайдаланады. Төртіншілері, ең жаманы, оларсыз өз бетінше өмір сүре алмайды да, солардың алдында қарыздар болып тұрады. Осы ұйымдардың барлығын бір мақсат ортақтастырады бірлестіктердің дамуы және біртұтастықты қамтамасыз ету және әлемдік шаруашылықтың қиын жағдайын тұрақтандыру. Олардың арасында ең негізгі орындарын БҰҰ-ның ұйымдары алады: Халықаралық валюталық қор (ХВҚ) және Әлемдік банк тобы — Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ) және оның үш филиалы — Халықаралық даму ассоциациясы (ХДА), Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) және Көпжақты кепілді инвестициялық агенттігі (ККИА), сонымен қатар үкіметтік емес ұйымдар — Париж және Лондон клубтары. Халықаралық қаржылық ұйымдар халықаралық экономикалық байланыстар жүйесінде маңызды орын ала отырып, Қазақстанның экономикасының дамуына елеулі әсерін тигізуде. Соңғы онжылдықта Қазақстанның халықаралық қаржылық ұйымдармен тікелей мүшелік ету статусы немесе келісімшарт негізінде қатынастары белсене түскедігін аңғаруға болады. Осындай ұйымдарға мүшелік экономикамыздың дамуы мен қайта жаңғыртуын жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осындай халықаралық қаржылық және несиелік ұйымдарға мүшелік ету арқылы Қазақстан әлемдік бірлестіктермен жинақталған валюталық, несиелік, қаржы сфераларын реттеудегі тәжірибені меңгеруі өте маңызды

екенін атап өткен жөн. Олардың ішінде: Даму және қайта құру Халықаралық банкі, Базельде халықаралық есеп айырысу Банкі, Еуропа инвестициялық банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, Скандинавия инвестициялық банкі, Араб валюталық қоры, Африка даму қоры және т.б. бар.

Халықаралық валюталық қор (ХВҚ) – валюта саласындағы халықаралық сауда және ынтымақтастықты дамытуға септігін тигізетін үкіметаралық валюталық-несиелік ұйым. Қор БҰҰ арнайы мекемесі мәртебесіне ие. Сондай-ақ, әлемдік валюталық жүйенің институционалдық негізі болып табылады.

ХВҚ Бреттон-Вудсте (АҚШ, Нью-Гэмпшир штаты) 1944 жылы 1-22 шілдеде БҰҰ халықаралық валюталық-қаржылық конференциясында құрылды. Конференцияда ХВҚ туралы Келісімшарт Жарғысы қабылданды. Бұл құжат 1945 жылдың 27 желтоқсанынан өз күшіне енді. Қор қызметі 1946 жылдың мамыр айынан басталды және 39 ел құрамына мүше болды; валюталық операцияларға 1947 жылдың 1 наурызынан кірісті. ХВҚ жоғары басқарушы органы – әр мүше-елдерден басқарушы және оның орынбасарлары ұсынылатын басқару Кеңесі. Көп жағдайда бұл қаржы министрлері немесе орталық банк жетекшілері болады. Басқару Кеңесі Қор қызметінің келесідей мәселелерін шешді: Келісім Баптарына өзгерістер енгізу, мүше-мемлекеттерді қабылдау және шығару, капиталдағы олардың үлестерін қарастыру және анықтау, атқарушы директорларды сайлау. Басқарушылар жылына бір рет сессияға жиналады, көбінесе, жиналыстар өткізе алады, сонымен қатар, кез-келген уақытта пошта арқылы дауыс бере алады. Алғашында мүшелерінің саны 35 мемлекет бол-са, 1993 жылы олардың саны 174-ке дейін өсті. Қазақстан Республикасы да осы Халықаралық валюталық қордың мүшесі болып табылады.

ХВҚ-ға кіргенде, әрбір мемлекет квота (жазылу бойынша салым), мүшелік жарна сияқты белгілі бір ақша сомасын қосады. Қор капиталына мүше-елдердің жарнасы екі бөлік-тен: 1) сол елдің квотасының 25% сомасы көлемінде немесе оның алтын мен доллар запастарының 10% сомасы көлеміндегі алтын түрінде; 2) квотаның қалған көлемі ұлттық валюта түріндегі жарнадан тұрады.

Квотаның маңызы әртүрлі болып келеді. Біріншіден, олар біріккен ақшалай запастарын құрайды, ХВҚ оларды қаржылық қиыншылықтарға түскен өз мүшелеріне займдар беру үшін пайдаланады. Екіншіден, олардың негізінде, жарна төлеген мүшесі ХВҚ-дан қарызға алатын немесе СДР деп аталатын арнайы активтерді кезеңдік қайта бөлуде алатын соманың мөлшері анықталады. Жарна үлкейген сайын, мүше-елдің керек жағдайында алатын несиесінің көлемі де үлкен болады. Үшіншіден, олар әрбір мүшенің дауыс

салмағын анықтайды. Ел бай болған сайын, оның квотасы солғұрлым үлкен болады.

ХВҚ саясатын анықтауға керекті дауыс санының көп бөлігін, көп ақша қосқан елдер алады. ХВҚ-дағы басшылық орынды АҚШ алады, оған барлық дауыстың 17%-ы келеді. Екінші орында Жапония — 7%, әрі қарай — Германия, Франция, Ұлыбритания — 5-6%.

ХВҚ-ның жоғарғы директивті органы — губернаторлар кеңесі, мұнда әрбір мемлекет губернатор (әдетте қаржы министрі немесе орталық банк төрағасы) және балама губернаторлардан тұрады. Себебі, губернаторлар сияқты олардың орынбасарлары қаржы министрлері немесе орталық банк басшылары болғандықтан, олар өздерінің үкіметтері атынан шығуға уәкілдіктері бар. Губернатор кеңесі жылына бір рет ғана жиналады. Оның қызметтеріне мыналар жатады:

- халықаралық валюталық ұсыныстарды әзірлеу;
- экономканы қайта құру жөнінде өте кедей елдерге кеңес беру, шаралар әзірлеу;
- жаңа мүшелерді қабылдау, квоталарды өзгерту, ХВҚ-ға мүше-елдерді тексеру.

Қалған уақытта губернаторлар, штаб-пәтері Вашингтонда (АҚШ) орналасқан атқарушы кеңесті құрайтын өкілдері арқылы, ХВҚ-ның күнделікті іс-әрекеті бойынша өздерінің үкіметтерінің тілектерін айтады. Жиырма төрт атқарушы директор, ресми отырыстарда, аптасына үш рет кездеседі, губернаторлар кеңесі арқылы мүше-елдердің үкіметтерімен белгіленген шаралардың жүзеге асырылуын бақылайды. Қазіргі уақыттағы жеті атқарушы директор мына елдердің өкілдері: Ұлыбритания, Германия, Қытай, Сауд Арабиясы, Құрама Штаттар, Франция және Жапония. Қалған елдер топтасып, 19 мүше-ел ішінен бір атқарушы директорды сайлайды. Олардың үлесіне 17 директор келеді.

ХВҚ -ның қызметкерлері 2 мыңға жуық адамнан тұрады және директор-басқарушымен басқарылады. Дәстүр бойынша директор-басқарушы — еуропалық немесе ары кеткенде американдық емес болып келеді. 100-ге жуық елдің қызметшілерінің интернационалдық құрамы, негізінен экономистерден тұрады, сонымен қатар, онда статистер, ғылыми жұмыскерлер, мемлекеттік қаржы және салық салу бойынша сарапшылар бар. Жұмысқа қабылдау конкурс негізінде жүргізіледі. Негізгі қызметкерлер ХВҚ-ның Вашингтондағы штаб-пәтерінде орналасқан, бірақ шағын бөлігі Париждегі, Женевадағы және Нью-Йорктағы БҰҰ-ның жекелеген бөлімшелерінде немесе ХВҚ-ның мүшесі болып табылатын елдерде қызмет көрсетеді.

ХВҚ-ның мүшесі болып кірген ел: өз ақшасының басқа елдер ақшаларына қатысты құнын анықтау бойынша жа-сайтын қадамдары туралы басқа елдерді хабардар етуге, ұлттық ақшаларды шетел ақшаларына айырбастауды шектеуден бас тартуға және осындай экономикалық саясатты бағыт етіп ұстануға міндеттенеді, себебі мұндай саясат тәртіптелген және конструктивті түрде оның ұлттық байлығымен қатар, жалпы бүкіл қоғамның

өсуіне алып келеді. Мүшелер осы тәртіп нормаларымен жүруді өзіне міндетті ғып санайды.

Алғашқыда Халықаралық валюталық қорды құрған кезде оның мақсаты ретінде: оған мүше-елдердің төлем баланстары мен валюталық бағамдарын жүзеге асыру, оның жағдайына бақылау жасау мәселелері қойылған болатын. Бұл ХВҚ-қа мүше-елдердің өз валютасының паритетін алтынмен немесе АҚШ долларымен қоюға және Қордың рұқсатынсыз оны 10%-дан астам мөлшерге өзгертпеуге, ал ағымдағы операциялар жүргізгенде бұл паритет мөлшері төмен немесе жоғарыға 1-1,5%-дан астамнан артық ауытқымауға келісім бергендерімен байланысты болып отыр.

Қазіргі уақытта, Бреттон-Вудс ыдырағаннан соң, яғни Валюталық бағамдар енді ХВҚ-мен шектелмейді, мүше-елдердің төлем баланстарының жағдайын бақылау және олардың теңестірілуі үшін жағдай жасау, сонымен қатар, қажетті жағдайда қысқа мерзімді несиелерді беру, берілген халықаралық ұйымның іс-әрекетінің негізгі бағыттары болып табылады. ХВҚ-қа мүше-елдердің көбі өздерінің төлем баланстарын бір ретке келтірудегі қиындықтарға үнемі жолығып отыруына байланысты, ХВҚ несиелерді барынша көбейтуге, диверсификациялауға тырысады.

ХВҚ несиелері ақылы және шартты болып табылады. Төлем баланстарының қысқа мерзімді тапшылығын жою мақсатына арналған несиелердің ең кең тараған түрі резервтік несиелер (стенд-бай) болып саналады. ХВҚ сонымен қатар басқа да несиелер түрін: мерзімі ұзартылған, оңай қол жеткізуге болатын, құрылымдық адаптациялар мақсатына, күтпеген оқиғалардан болған зияндарды компенсациялауға байланысты ұсынады. Несиенің жалғыз «шартсыз» түрі, яғни ХВҚ-ға мүше-ел автоматты түрде алатын, несиелік үлес шеңберіндегі несиелер (транши) болып табылады. Бірақ бұл несиенің үлесі өте аз.

ХВҚ-ға мүше-елдер, сонымен қатар, СДР жүйесінің қатысушысы болып табылады және бұл валюталық бірлікте несиелер ала алады. СДР ХВҚ қатысушысының ағымдағы шотындағы жазу түрінде болғанымен, бірақ оларды кез келген ұлттық валютаға айырбастауға болады. ХВҚ қатысушыларының қаншалықты тырысқанымен СДР “әлем валютасы” бола алмады. Қарыз алудың арнайы құқықтары халықаралық валюталық резервтердің 5-6%-ын құрайды. Бүгінгі таңда 30 млрд.\$ құнына тең 21,4-млрд. СДР бар.

Әрбір мүшенің ХВҚ-дан квота бойынша жазылған сомадан бірнеше есе көп сомада несиелер алу құқығы болғандықтан да несиелік ресурстарға деген сұраныстың өсу кезеңінде квоталар өздерінің мүшелерші қолма-қол қаражат-тарға деген талаптарын қамтамасыз ете алмайды. Осындай жағдайға байланысты ХВҚ 1962 жылдан бастап, әлемдегі үкіметтер және банктермен бірге несиелік желісін ашқан (қазіргі кезде 25 млрд. \$-ға жуық сомаға). Бұл қарыз алу туралы жалпы жағдайлары деп аталған несиелік желі әрбір 5 жыл сайын жаңартылып отырады. ХВҚ осы жағдайларға сәйкес алынған несиелер бойынша пайыздар төлейді және займдарды 5 жылдан кейін өтуге міндеттенеді. Алайда мұндай займдарды жүзеге асыру бойынша ХВҚ-ның құқықтары квоталардың жалпы көлемінің 60%-дай мөлшерімен шектелген.

Халықаралық валюталық жүйені бақылау және өздерінің мүшелерін қаржылық қолдаудан басқа, ХВҚ, Вашингтон-дағы оқу институты — ЭДИ (экономикалық даму институты) арқылы да көмектеседі, мұнда техникалық және білім беру арналары арқылы ХВҚ-ның мүше-елдері нарықтық экономиканың қалыпты қызмет етуіне қажетті институттар құру үшін ұсыныстар мен кеңестер алады.

90-жылдардың басында өзінің әдеттегі іс-әрекетімен қатар ХВҚ, орталықтандырылған жоспарлау экономикасынан нарыққа өту қиындықтарын кешіп отырған, Шығыс Еуропа елдеріне, бұрынғы КСРО республикаларына көмек көрсету үшін ірі компаниясын ұйымдастырды. ХВҚ, оларды тек ақшамен ғана қамтамасыз етпейді (бұл елдерге 24 млрд. долларды 7,5% жылдық пайыз мөлшерінде алуға рұқсат етілген), сонымен қатар, еркін кәсіпкерлік жүйесі онсыз қызмет істеуі мүмкін емес тарифтік режимдер, валюталар конвертациялануы, салық салу жүйесі, орталық банктер сияқты экономикалық және басқа да қаржылық құрылым-дарды құру кезінде эксперттік баға береді. ХВҚ-ның елдер-ге беретін көмегі негізгі үш формада жүргізіледі:

1. Экономикалық саясаттың әр түрлі аспектілері бойынша ХВҚ қызметкерлері кеңестерді жиі береді және ұсыныстар жасайды, кейіннен ХВҚ-ның атқарушы кеңесінің отырыстарында бұл елдердің дамуының қорытындыларын талқылайды.

2. ХВҚ төлем балансының мәселелерін ретке келтіруге бағытталған көмек көрсетеді. Мұндай көмек ақшалай резервтердің көбеюіне алып келетін және бұл мемлекет-терге өздеріне қажетті импортты төлеуге мүмкіндік беретін өте ұқыпты дайындалған экономикалық бағдарламалар шеңберінде ұсынылады. Сонымен қатар, реформалардың үкіметтік бағдарламасын ХВҚ-ның қолдауы, басқа да ресми инстанциялармен немесе коммерциялық мекемелермен қосымша қаржылық көмек беруінде катализатор рөлін атқарады.

Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) — халықаралық үкіметаралық қаржы-несиелік ұйым, орталық және Шығыс Еуропа елдерінің ұзақ мерзімді несиелендіру жөніндегі аймақтық мемлекетаралық банкі. 1990 жылы 29 мамырда болған келісім бойынша халықаралық қаржы мекемесі ретінде құрылған. Еуропа қайта құру және даму банкіге 50-ге жуық ел, соның ішінде ТМД елдері, сондай-ақ, Еуропа инвестициялық банкісі мен Еуропа қоғамдастығы мүше болып табылады. Банкке еуропалық емес елдер де мүше бола алады. Банкінің мақсаты Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі, сондай-ақ, бұрынғы КСРО елдеріндегі экономикалық реформаларды қаржыландыру. Олардың ашық нарықтық экономика негізінде экономикалық дамуына септігін тигізу, кредит алған елдерде құрылымдық реформа жүргізуге, жекешелендіруге және монополияны жоюға, орталықсыздандыруға көмектесу арқылы олардың экономикасын әлемдік интеграцияға тарту. Банк мемлекеттік қана емес, сондай-ақ, жеке секторда да әрекет етеді, коммерциялық мүмкіндігі жоғары жобаларға қатысады. Банк капиталы (12 млрд. АҚШ доллары шамасында) мүше елдердің жарналарынан

құралады, бұл капиталдың 51%-і Еуропа экономикалық қоғамдастығы мен Еуропа инвестициялық банкісінің үлесінде. Қазақстан Республикасы Еуропа қайта құру және даму банкімен 1992 жылы байланыс орнатып, мүшелікке өтті. Бұл байланыс стратегиясы бірінші кезеңде техникалық ынтымақтастық арқылы ұйымдастыру және кадрлар даярлау жұмыстарын жүргізу болса, екінші кезеңде қаржы секторына, ауыл шаруашылығы, энергетика, тау-кен өнеркәсібі және көлік салаларын инвестицияландыру қамтылды. Осыған орай Қазақстанда көптеген жобалар іске асырылуда.

Азия даму банкі (АЗДБ) – Азия Даму Банкі - Халықаралық қаржы мекемесі. Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік комиссиясының шешімімен Азия және Тынық мұхит елдері үшін 1966 ж. желтоқсанда құрылды. Ол өз қызметін 1968 жылы бастады. Қазір оған 56 мемлекет мүше, оның 39-ы Азия — Тынық мұхит аймағының (АТА) өкілі, ал қалған 16-сы бұл аймақтан тысқары елдер. Банкінің саясатын айқындайтын жоғары органы — Басқарушылар кеңесі. Банк операцияларының бағыттарына 12 директордан құрылған Директорлар кеңесі жауап береді. Әр директордың орынбасары бар. Директорлардың 8-і Азия — Тынық мұхит аймағының (АТА) елдерінің өкілдері (1998). Банк президентін Басқарушылар кеңесі 5 жылға сайлайды. Ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып есептеледі және банк қызметін басқарады. Азия даму банкінің президенті Жапония өкілінен сайланады. Штаб-пәтері Манилада (Филиппин) орналасқан. Банк Бангладеште, Индонезияда, Үндістанда, Непалда, Пәкістанда, Америка Құрама Штатта өзінің тұрақты өкілдерін ұстайды. Дамушы елдердің экономикалық даму бағдарламаларын қаржыландыру, олардың сыртқы саудасына жәрдем беру, қаржылай, техникалық және экономикалық көмек көрсету. Банк бұл елдердің қажетін өтеу мақсатында жеңілдікпен берілетін несиелік операциялар жүргізу ісіне Азия, Еуропа, Таяу Шығыс және Солтүстік Америка мемлекеттерінің ресурстарын жұмылдыруда маңызды рөл атқарады. Банктің негізгі қызметі — Азия-Тынық мұхит аумағының(АТА) елдеріне экономикалық өсу мен ынтымақтастық қарым-қатынасты жеделдету мақсатына көмек беру. Банк қарыз берудің екі түрін қолданады: бүкіл несие қорының 68,8 пайызы әдеттегі қарыз, ал қалғаны Азия даму қорынан дамушы кедей елдерге үлкен жеңілдікпен беріледі. Қазақстан банкке мүшелікке 1994 ж. 19-қаңтарда қабылданды. Қазақстандағы зейнеткерлік реформаны қолдауға және ауыл шаруашылығын дамытуға қомақты несие бөлінді.

Әлемдік қауымдастықта әр аймақтан кеңес құру тәжірибесі бірыңғай экономикалық кеңістік және қаржылық жүйе интеграциясын дамытуда сауда-экономикалық қатынастарын, кәсіпкерлік пен инвестицияны, ақша-несие, қаржы және валюталық қатынастарды, заңнамалардың үйлесімін, келісімді әлеуметтік саясатты дамытуға негізделендігін көрсетеді.

Валюталық ықпалдастық бүгінгі таңда көптеген дамыған елдердің ықпалдастық топтастығы ЕурАзЭО, ЕО шеңберіндегі ықпалдастық үдерісінде қажетті жағдай болып табылады. Валюталық кеңістіктің батысеуропалық нұсқасы экономикалық базадағы бірыңғай экономикалық

валюталық кеңес нұсқасын көрсетеді. Сол себепті, Еуропа елдеріндегі валюталық ықпалдастық тәжірибесі бірыңғай экономикалық валюталық кеңістік құруда көңіл аударарлық жайт болып табылады.

Батыс еуропалық мемлекеттер бірыңғай валютаға нешелеген онжылдықта сынақ жолдарымен өтті. ЕО мемлекеттерінде валюталық ықпалдастық (1947-1958 ж.ж.) көпжақты валюталық өтемақылар туралы, ішкіеуропалық төлемдер мен өтемақылар туралы бірқатар келісімдердің қабылдануынан бастау алады. 1958-1968 ж.ж. капитал мен жұмыс күшін жылжыту мақсатында экономикалық және валюталық саясатты мемлекетаралық келісімдердің элементтерімен толықтырған және шектеу нысандарын жоятын кедендік одақ пайда болды. Келесі онжылдық (1971 – 1980 ж.ж.) болжамды қосарлама экономикалық және валюталық кеңес құруда «Вернер жоспарын» сатылы жүзеге асыруымен сипатталады. 70ж.ж. аяғында экономикалық және валюталық кеңес құру жолдарын іздестіру жандандырылды, нәтижесінде 1979ж. 13 наурызда еуропалық валюталық бірлікке негізделген Еуропалық валюталық жүйе (ЕВЖ) құрылды. Бұл сатыда тармақты институционалдық-ұйымдастырушылық құрылым қалыптасты. ЕВЖ-де талай қиыншылықтар, қайшылықтар мен дау тудыратын мәселелер кездесті. Осы себепті, 1991 ж. желтоқсан айына қарай экономикалық және валюталық кеңестің 3 сатысын: 1) дайындық сатысы (1 шілде 1990 ж. – 31 желтоқсан 1993 ж.) ЕО ішкі экономикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету бойынша бағдарламалардың қабылдануымен, ЕО ішінде еркін капитал қозғалысындағы барлық шектеулерді жоюмен сипатталатын; 2) негізгі мақсаты құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық алғышарттарды анықтау және Еуропалық Орталық Банктің функциясын орындау, сондай-ақ, мүше-мемлекеттердің қаржы саясатын үйлестіруге бағытталған бірқатар, заңнамалық актілерді қабылдау болып табылатын Еуропалық валюталық институт мекемесі; 3) бірыңғай валютаға ауысу кезеңі (1 қаңтар 1999 ж. – 2002 ж.) ұлттық валюталарды және ЭКЮ-ді (1:1 арақатынасында) ауыстыратын ЕО-ның жалпы валютасы евроның құрылуымен сипатталады, жоғарыдағыларды қарастыратын Еуропалық Одақ туралы Маастрихтік келісімшарты жасалды.

Бүгінгі таңда кеңес одағы кеңістігінде бірыңғай экономикалық кеңістікті құру туралы сөз қозғалуда. Бұның негізі Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей, Тәжікстанның Кеден одағының құрылуы мен институттық-құқықтық негіздерінің дамуымен және оның болашақта Еуроазиялық экономикалық қауымдастыққа (ЕуроАзЭК) айналуымен басталды. 2000 жылы 10 қазанда Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасының Президенттері Еуразиялық экономикалық Қауымдастық құру туралы Келісімшартқа қол қойды. Келісімшарт 2001 ж. 2 сәуірде Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған.

ЕурАзЭО негізінде, мүше-елдердің экономикалық сипаттағы уәкілеттіктерін жүзеге асыру үшін құрылады. Аталған уәкілеттіліктерді табыстау халықаралық ұйымға мүше-мемлекеттердің егемендігіне нұқсан



келтірмейді. ЕурАзЭО-тың алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін ықпалдастықты басқаруға органдар құрылды: Мемлекетаралық Кеңес, Интеграциялық Кеңес, Парламентаралық Ассамблея (ПАК), Қауымдастық Соты.

Мемлекетаралық Кеңес - Мемлекет басшыларымен және ЕурАзЭО-қа мүше-елдердің үкімет басшыларымен қалыптасатын ЕурАзЭО-ң жоғарғы органы. Мемлекетаралық Кеңес ықпалдастықтың даму және бағыттарын, анықтайды, сондай-ақ ЕурАзЭО мақсаттары мен міндеттерін орындауға бағытталған шешім қабылдайды, қатысушы-мемлекеттердің мүддесімен байланысты Қауымдастықтың өзекті мәселелерін қарастырады. Мемлекетаралық Кеңес жылына кемінде бір рет мемлекет басшылары деңгейінде және жылына кемінде екі рет үкімет басшылары деңгейінде жиналады.

Интеграциялық Комитет – ЕурАзЭО-қа мүше елдердің үкімет басшыларының орынбасарлары құрамымен тұрақты жұмыс істейтін ЕурАзЭО органы. Интеграциялық Комитет келесідей міндеттерді орындайды: ЕурАзЭО органдарының өзара әрекеттерін қамтамасыз ету; Мемлекетаралық кеңес мәжілісінің күн тәртібі және олардың өткізілу деңгейі бойынша ұсыныстар сондай-ақ, құжаттар мен жоба шешімдерін әзірлеу; ЕурАзЭО бюджетін қалыптастыру және олардың орындалуын бақылау бойынша ұсыныстар әзірлеу; Мемлекетаралық кеңеспен қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау. Интеграциялық Комитет отырысы үш айда кемінде бір рет өткізіледі. Интеграциялық Комитет отырысы аралығындағы ағымдағы жұмысты мемлекет басшылары – қатысушыларымен бекітілген Тұрақты өкіл Комиссиясы Қауымдастығы қамтамасыз етеді.

Парламентаралық Ассамблея (ПАА) – ЕурАзЭО-қа мүше-елдердің ұлттық заңнамасының (жанасу, унификация) үйлесімділігі және Қауымдастық міндеттерін жүзеге асыру мақсатында бекітілген келісімшарттармен сәйкестігін жүргізу мәселелерін қарастыратын ЕурАзЭО шеңберіндегі парламенттік ынтымақтастық органы. Парламентаралық Ассамблея ЕурАзЭО-қа мүше-елдердің парламентімен табысталған парламентарийден құрылады. Парламентаралық Ассамблея өз уәкілеттіктерін жүзеге асыруда Мемлекетаралық Кеңеспен қарастырылатын құқықтық қатынастар базасы аясындағы заңнама негіздерін әзірлейді; ұлттық заңнама актілері негізінде әзірленетін типтік жобаны жүзеге асырады.

Қауымдастық Соты ЕурАзЭО органдарының шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі мәселелер және Қауымдастық шеңберінде әрекет ететін шарт ережелері, бойынша мүше-мемлекеттер арасында туындайтын экономикалық сипаттағы дауларды қарастырады. Әр мемлекеттен екі өкілден аспайтын мүше-мемлекеттердің Қауымдастық Соты құрылады. Соттар Мемлекетаралық Кеңестің ұсынысы бойынша Парламентаралық Ассамблеяда алты жыл мерзімге тағайындалады.

Көріп отырғанымыздай, бірыңғай валюталық кеңістік құруға бастапқы кадам жасалды - «Еуразиялық экономикалық Қауымдастық» халықаралық

ұйымы құрылды, ЕурАзЭО басқару органдары құрылды, Қауымдастық шеңберінде заңнама бір ізге салынды және т.б. Алайда, бірыңғай экономикалық кеңістік құру жолында атқарылатын істер көп. Осы жағдайда ғана Қауымдастық шеңберінде құрылған бірыңғай валюталық кеңістік ЕурАзЭО мүше-мемлекеттердің валюталық-қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық валюталық қатынастардың түсінігіне және түрлеріне сипаттама беріңіз;
2. Қазақстан Республикасының халықаралық валюталық ұйымдарға қатысуына сипаттама беріңіз.

